

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ  
«ХАЛЫҚ» ЖҚ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

**ВЕСТНИК**

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ  
АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»  
ЧФ «Халық»

---

---

**THE BULLETIN**

OF THE ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN  
«Halyk» Private Foundation

PUBLISHED SINCE 1944

**5 (405)**

SEPTEMBER-OCTOBER 2023

---

ALMATY, NAS RK

---



В 2016 году для развития и улучшения качества жизни казахстанцев был создан частный Благотворительный фонд «Халык». За годы своей деятельности на реализацию благотворительных проектов в областях образования и науки, социальной защиты, культуры, здравоохранения и спорта, Фонд выделил более 45 миллиардов тенге.

Особое внимание Благотворительный фонд «Халык» уделяет образовательным программам, считая это направление одним из ключевых в своей деятельности. Оказывая поддержку отечественному образованию, Фонд вносит свой посильный вклад в развитие качественного образования в Казахстане. Тем самым способствуя росту числа людей, способных менять жизнь в стране к лучшему – профессионалов в различных сферах, потенциальных лидеров и «великих умов». Одной из значимых инициатив фонда «Халык» в образовательной сфере стал проект *Ozgeris powered by Halyk Fund* – первый в стране бизнес-инкубатор для учащихся 9-11 классов, который помогает развивать необходимые в современном мире предпринимательские навыки. Так, на содействие малому бизнесу школьников было выделено более 200 грантов. Для поддержки талантливых и мотивированных детей Фонд неоднократно выделял гранты на обучение в Международной школе «Мирас» и в *Astana IT University*, а также помог казахстанским школьникам принять участие в престижном конкурсе «*USTEM Robotics*» в США. Авторские работы в рамках проекта «Тәлімгер», которому Фонд оказал поддержку, легли в основу учебной программы, учебников и учебно-методических книг по предмету «Основы предпринимательства и бизнеса», преподаваемого в 10-11 классах казахстанских школ и колледжей.

Помимо помощи школьникам, учащимся колледжей и студентам Фонд считает важным внести свой вклад в повышение квалификации педагогов, совершенствование их знаний и навыков, поскольку именно они являются проводниками знаний будущих поколений казахстанцев. При поддержке Фонда «Халык» в южной столице был организован ежегодный городской конкурс педагогов «*Almaty Digital Ustaz*».

Важной инициативой стал реализуемый проект по обучению основам финансовой грамотности преподавателей из восьми областей Казахстана, что должно оказать существенное влияние на воспитание финансовой

грамотности и предпринимательского мышления у нового поколения граждан страны.

Необходимую помощь Фонд «Халык» оказывает и тем, кто особенно остро в ней нуждается. В рамках социальной защиты населения активно проводится работа по поддержке детей, оставшихся без родителей, детей и взрослых из социально уязвимых слоев населения, людей с ограниченными возможностями, а также обеспечению нуждающихся социальным жильем, строительству социально важных объектов, таких как детские сады, детские площадки и физкультурно-оздоровительные комплексы.

В копилку добрых дел Фонда «Халык» можно добавить оказание помощи детскому спорту, куда относится поддержка в развитии детского футбола и карате в нашей стране. Жизненно важную помощь Благотворительный фонд «Халык» оказал нашим соотечественникам во время недавней пандемии COVID-19. Тогда, в разгар тяжелой борьбы с коронавирусной инфекцией Фонд выделил свыше 11 миллиардов тенге на приобретение необходимого медицинского оборудования и дорогостоящих медицинских препаратов, автомобилей скорой медицинской помощи и средств защиты, адресную материальную помощь социально уязвимым слоям населения и денежные выплаты медицинским работникам.

В 2023 году наряду с другими проектами, нацеленными на повышение благосостояния казахстанских граждан Фонд решил уделить особое внимание науке, поскольку она является частью общественной культуры, а уровень ее развития определяет уровень развития государства.

Поддержка Фондом выпуска журналов Национальной Академии наук Республики Казахстан, которые входят в международные фонды Scopus и WoS и в которых публикуются статьи отечественных ученых, докторантов и магистрантов, а также научных сотрудников высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов нашей страны является не менее значимым вкладом Фонда в развитие казахстанского общества.

С уважением, Благотворительный Фонд «Халык»!

## **БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

## **ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

## **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы**, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2023

## ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович**, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

## УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович**, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович**, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна**, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна**, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна**, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

**«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).  
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2023

## EDITOR IN CHIEF:

**TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

## SCIENTIFIC SECRETARY:

**ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

## EDITORIAL BOARD:

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich**, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich**, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova**, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna**, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

## **Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2023

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 1991-3494  
Volume 5. Number 405 (2023), 146-160  
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.582>

ӘӨЖ 372.83  
FTAMP 14.35.09

© M.S. Issayev<sup>1</sup>, T.A. Apendiyev<sup>2\*</sup>, T.A. Daniyarov<sup>1</sup>, 2023

<sup>1</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan,  
Kazakhstan;

<sup>2</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Abai Kazakh National  
Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: [mukhtar.issayev@ayu.edu.kz](mailto:mukhtar.issayev@ayu.edu.kz)

## PROBLEMS OF USE OF INFORMATION-DIGITAL TECHNOLOGIES AND THE INTERNET NETWORK IN HISTORY TEACHING

**Issayev Mukhtar Seitkhanuly** — PhD, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

E-mail: [mukhtar.issayev@ayu.edu.kz](mailto:mukhtar.issayev@ayu.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0001-7107-399>;

**Apendiyev Timur Akimkhanovich** — PhD, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: [timur.apendiev@mail.ru](mailto:timur.apendiev@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-4279-3921>;

**Daniyarov Talgat Abubakirovich** — PhD, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University 161200, Turkistan, Kazakhstan

E-mail: [talgat.daniyarov@ayu.edu.kz](mailto:talgat.daniyarov@ayu.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0002-9049-2410>.

**Abstract.** One of the main areas of education today is historical education using information and digital technologies and the Internet. Such technologies, which have entered all spheres of human life, not only have a positive effect on teachers and students, but also cause various problems in education. The purpose of the article is to identify problems that arise when using information and digital technologies, the Internet in teaching history based on a scientific analysis of foreign and domestic literature, draw conclusions, and give recommendations. The process of achieving the goal of the study showed that the digitalization of education in the country is the main direction of state policy. The relevance of the topic is determined, the need arose to analyze the work of domestic and foreign researchers and sites created for historical education via the Internet. It was considered a solved task to draw conclusions about the limitations that should be taken into account by teachers and students when using them. The scientific results of the article will complement our work in the direction of education in a new way and will increase the efficiency of using information and digital technologies and the Internet in teaching history. An expert analysis of the experience of teaching history on the basis of scientific



literature made it possible to determine the effectiveness of our methodological work in this direction.

**Keywords:** history, education, teaching, information and digital technologies, Internet, student, teacher, educational materials, sources

*The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Development of teaching methods for the subject "History of Kazakhstan" to future teachers of history using information and digital technologies» for 2023–2025. (IRN: AP19679946).*

© М.С. Исаев<sup>1</sup>, Т.А. Апендиев<sup>2\*</sup>, Т.А. Данияров<sup>1</sup>, 2023

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан, Қазақстан;

<sup>2</sup>Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.  
E-mail: [mukhtar.issayev@ayu.edu.kz](mailto:mukhtar.issayev@ayu.edu.kz)

## ТАРИХТЫ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН INTERNET ЖЕЛІСІН ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Исаев Мұхтар Сеитханұлы** — PhD (философия докторы), Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
E-mail: [mukhtar.issayev@ayu.edu.kz](mailto:mukhtar.issayev@ayu.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0001-7107-399>;

**Апендиев Тимур Акимханович** — PhD (философия докторы), Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан  
E-mail: [timur.apendiev@mail.ru](mailto:timur.apendiev@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-4279-3921>;

**Данияров Талғат Абубакирович** — педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
E-mail: [talgat.daniyarov@ayu.edu.kz](mailto:talgat.daniyarov@ayu.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0002-9049-2410>.

**Аннотация.** Бүгінгі таңдағы тарихты оқыту әдістемесі негізгі бағыттарының бірі — ақпараттық және цифрлық технологиялар мен Internet желісін пайдаланып білім беру. Адам өмір сүруінің барлық салаларына ене бастаған мұндай технологиялар оқытушылар мен білім алушыларға оң әсер етіп ғана қоймай, оқытуда әртүрлі мәселелер де туындатып отыр. Мақаланың мақсаты шетелдік және отандық әдебиеттерді, web сайттарды ғылыми талдау негізінде тарихты оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды, Internet желісін пайдаланудан туындайтын мәселелерді анықтау, тұжырымдар жасау, ұсыныстар беру. Зерттеудің мақсатына жету барысында еліміздегі білім беруді цифрландырудың өзектілігі анықталып, отандық, шетелдік зерттеушілер еңбектері мен Internet желісі арқылы тарихи білім беруге арналып жасалған web сайттарды талдау жасалды. Оларды оқытушылар мен білім алушылардың қолдануы кезінде назарға алуы керек шектеулер бойынша тұжырымдар жасау міндеттерін шешу қарастырылды. Мақаладағы ғылыми нәтижелер



білім беру бағытындағы бастамаларды жаңа қырынан толықтырып, тарихты оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды, Internet желісін тиімді пайдалануды жетілдіретін болады. Тарихты оқытудағы тәжірибені ғылыми әдебиеттер негізінде сараптап талдау, аталған бағыттағы әдістемелік жұмыстардың нәтижелі болуын айқындай түсуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** тарих, білім беру, оқыту, ақпараттық және цифрлық технологиялар, интернет, білім алушы, оқытушы, оқыту материалдары, дереккөздер

*Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы дамыту» (ЖТН: АР19679946) тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды.*

© М.С. Исаев<sup>1</sup>, Т.А. Апендиев<sup>2\*</sup>, Т.А. Данияров<sup>1</sup>, 2023

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан;

<sup>2</sup>Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан.  
E-mail: [mukhtar.issayev@ayu.edu.kz](mailto:mukhtar.issayev@ayu.edu.kz)

## **ПРОБЛЕМЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННО-ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И INTERNET СЕТИ В ОБУЧЕНИИ ИСТОРИИ**

**Исаев Мухтар Сентханулы** – PhD, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави, 161200, Туркестан, Казахстан

E-mail: [mukhtar.issayev@ayu.edu.kz](mailto:mukhtar.issayev@ayu.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0001-7107-399>;

**Апендиев Тимур Акимханович** – PhD, Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: [timur.apendiev@mail.ru](mailto:timur.apendiev@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-4279-3921>;

**Данияров Талгат Абубакирович** – кандидат педагогических наук, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

E-mail: [talgat.daniyarov@ayu.edu.kz](mailto:talgat.daniyarov@ayu.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0002-9049-2410>.

**Аннотация.** Одним из основных направлений образования на сегодняшний день является историческое образование с использованием информационно-цифровых технологий и сети Интернет. Такие технологии, вошедшие во все сферы жизни человека, не только положительно влияют на учителей и учащихся, но и вызывают различные проблемы в образовании. Цель статьи — выявить проблемы, возникающие при использовании информационно-цифровых технологий, сети Интернет в преподавании истории на основе научного анализа зарубежной и отечественной литературы, сделать выводы, дать рекомендации. Процесс достижения цели исследования показал, что цифровизация образования в стране является основным направлением государственной политики. В связи с высокой актуальностью темы, возникла необходимость анализа работ отечественных и зарубежных исследователей и

сайтов, созданных для исторического образования через Интернет. Считалась решенной задача сделать выводы об ограничениях, которые следует учитывать преподавателям и учащимся при их использовании. Научные результаты статьи по-новому дополняют нашу работу в направлении образования и повысят эффективность использования информационно-цифровых технологий и интернета в обучении истории. Экспертный анализ опыта преподавания истории на основе научной литературы позволил определить эффективность нашей методической работы в этом направлении.

**Ключевые слова:** история, образование, преподавание, информационные и цифровые технологии, интернет, студент, преподаватель, учебные материалы, источники

### Кіріспе

Тәуелсіз елімізде өткен тарихымызды түбегейлі зерделеп, тарихи сананы қалыптастыру мақсатында Отандық тарих ғылымының мазмұны бірнеше мемлекеттік бағдарламалар негізінде айтарлықтай толықты. Жинақталған бай мұрасы бар тарихымызды болашақ ұрпаққа жеткізу міндеті әрдайым алдыңғы орынға қойылуда. Елімізде қабылданған «Білім туралы» заң мен «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру» тұжырымдамасы және «Қазақстандықтарды елжандылыққа тәрбиелеу жөніндегі» бағдарламада жоғарыда аталған мәселеге айрықша көңіл бөлінген. Сондықтан, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық маңызына байланысты «Қазақстан тарихын» оқытудың орны ерекше. Өйткені, кез-келген мемлекеттің азаматы өз елінің, мемлекетінің, сол мемлекетті мекендеп отырған халықтың тарихын білуге міндетті. Бұл оның өз халқын, елінің тарихын, мәдениетін сүйе білуге үйретеді. Осы жағдайлар Қазақстан тарихын мектепте, мамандық беретін оқу орындарында оқытуды ғылыми-әдістемелік жағынан жаңа деңгейге көтеруді қажет етеді.

Сондай-ақ, елімізде қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында цифрландыруға күш салу арқылы адами капиталды белсенді түрде дамыту, инновациялық экономиканы құру, оқушыларға заман талабына сай білім беруді жетілдірудің құралы ретінде қарастыру (Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan, 2019) басымдықтарын орындау кезек күттірмейтін мәселе ретінде қаралды.

Қоғамның сұранысына сай, қазіргі таңда білім беруде ақпараттық және цифрлық технологиялар мен Internet желісін оқытудың құралы ретінде пайдаланып, материалдар мен ақпараттардың дереккөзі ретінде қолдана отырып, тарихты оқыту — өзекті іс болып отыр. Сондықтан қазіргі күнге дейін тарихты оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдері, оқыту құралдары, оқытудың жаңа технологиялары зерттелуде. Өзгермелі қоғамда білім беру саласындағы жетістіктер — ақпараттандыру, цифрландыру бағытының дамуымен ұштасады. Түрлі жағдайларда өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндігі жеткілікті, мәселені жылдам шешу жолын таба білетін, патриот, елінің тарихы мен

тәуелсіздіктің бағасын түсінетін, дамыған қоғамның талаптарын орындауда кездескен қиыншылықтарды жеңіл шеше алатын тұлға қалыптастыруда білімді ақпараттандыру, цифрландыру ерекше орын алады

Дегенмен, тарихты оқытуда ақпараттық-коммуникациялық, цифрлық технологияларды пайдалану арқылы жеке пәндерді оқыту әдістемесі бір жүйеге түспей, жекелеген ұсыныстар деңгейінде қалыптасып отыр. Сонымен қатар, тарихты оқытуда Internet желісін қолдану өзіндік мәселелер туындатып отыр.

### **Материалдар мен әдістер**

Мақала тарихты оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланудың қажеттілігі және Internet желісін оқытушылар мен білім алушылар тарапынан ақпарат дереккөзі ретінде қолданудан туындайтын мәселелерді қарастыруға бағытталған. Сондықтан, қарастырып отырған мәселеге байланысты шетелдік және отандық әдебиеттерге шолу жасалды. Әдебиеттерге шолу барысында мәліметтер базасындағы ғылыми жарияланымдарға да талдау жасалды, сараланды және талқыланды. Жарияланымдар мен әдебиеттерді шолу қазіргі кезде тарихты оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды, Internet желісін пайдаланудан туындайтын көптеген мәселелер бар екенін көрсетті. Сондықтан, елімізде білім берудің барлық деңгейінде Қазақстан тарихын оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды, Internet желісін пайдаланудың әдістемесін дамыта түсу керек деген тұжырым қорытындыланды.

Зерттеуде сапалы зерттеу әдістерінің бірі — феноменологиялық (мәселе мәнін анықтау) сипаттау әдісі қолданылды. Феноменологиялық әдіс зерттеу барысында мәселені терең және егжей-тегжейлі қарастыруға назар аударады. Бұл зерттеуде тарихты оқытуда ақпараттық-коммуникациялық, цифрлық технологияларды пайдалану мен Internet желісін қолданудан туындайтын мәселелер шетелдік тәжірибеде және отандық тарихи білім беру жүйесінде қалай орын алатындығы феноменологиялық әдіс негізінде түсіндіріледі.

Мәселені толығымен ашу міндетіне сәйкес талдау, салыстыру, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді жалпылау, жинақталған нәтижелерді қорытындылап, жалпылау әдістері пайдаланылды.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

Ақпараттық және цифрлық құралдардың пайда болуы адамзат технологиялық дамуына жаңа серпін берді. Дамудың мұндай түрі ықпал етпеген қандай да бір сала қалмады. Компьютерлік технологиялардың дамуы, кеңінен таралуы, өз кезегінде, адамның оларды дұрыс қолдануы мен игере білуі тәжірибесінің болуы мәселесін өзекті ете түсті. Бүгінде технологиялардың әртүрлілігі, оған қатысты қолданылатын ұғымдардың, қолданылу мағынасының сан алуандығын туындатып отыр. Дегенмен, еліміздің ЖОО-да тарихты оқыту әдістемесінде оқу процесін компьютерлік қамтамасыз ету, пән бойынша ақпараттық және цифрлық технология бағдарламаларын құру және Internet желісін қолдану проблемалары бойынша арнайы зерттеулер жүргізілмеді.

Зерттеулердің нәтижелерін талдау Қазақстан тарихын ақпараттық және цифрлық технологияларды, Internet желісін пайдалану арқылы оқыту әдістемесі бойынша әдістемелік оқулықтар және оқу әдістемелік кешендер қазіргі заман талаптарына (халықаралық, ҚР жоғары білім беру сапасы, стандарты, оқу бағдарламасы) толық жауап бермейтіндігін көрсетті.

Бүгінгі білім беру саласындағы жағдай ақпараттық және цифрлық технологиялар негізінде қол жеткізген мүмкіндіктерімізге қарамастан, оларды пайдаланудың шектері бар екендігін, сонымен қатар, бұл технологиялар жеке тұрғыда білім мен тәрбие беру күшіне ие еместігі, яғни адамның ықпалынсыз қауқарсыздығы анық көрсетіп отыр (Ақрінар, 2005). Ақпараттық және цифрлық технологияларды білім беру мен әртүрлі материалдарды белсенді меңгертуде қолданудағы қызметтері және пайдаларымен қатар, оларды пайдаланудың шектері бар екендігін де білуіміз қажет.

Көптеген зерттеушілер (Haydn, 2003a; Morante, 2001; Walsh, 2005) белгілі бір деңгейде ақпараттық коммуникациялық технологиялар көмегімен оқыту әдістерінің, әртүрлі материалдардың қолданылуы білім беруді оңтайландыру және дамыту үшін жеке тұрғыда жеткіліксіз деп есептейді. Сондықтан, ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдану оқытуға жаңашыл әдіс алып келуі және пән ерекшелігіне, қажеттіліктеріне қарай ыңғайлы түрде пайдаланылуы керек. Дегенмен, білім беруде ақпараттық және цифрлық технологиялардың пайдаланылуы білім алушыны ең маңызды деп есептейтін заманауи оқыту принциптеріне, елдің білім беру мүмкіндіктеріне сәйкес қолдануға болатын әдістер негізінде ғана жүзеге асырылады. Басқа жағдайда білім беруде технологиялық құралдар мен мүмкіндіктерді жетілдіру өз алдына толық нәтиже бермейді.

Кез-келген пәнде дәстүрлі оқыту әдістерін, құралдарын пайдаланудың тиімділігі сияқты ақпараттық және цифрлық технологиялар көмегімен оқытудың, материалдарды меңгертудің тиімділігі тиісті пәннің, сонымен қатар, білім алушылар тобының ерекшелігіне, жоспарлануы мен сәйкес қолданылуына да байланысты болады (Harrison, 2003). Сондықтан, білім беру барысында пайдаланылатын ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен оқыту әдістері, материалдары оқытушының жеңіл және оңтайлы түрде қолдана алатынындай түрде жасалуы керек. Білім беру тұрғысынан ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен оқыту әдістері мен материалдардың құндылығы соңғы үлгідегі заманауи технологияны қолдануда емес, оқытушылардың оларды оқыту барысында ықпалды түрде тақырып мазмұнын жеңіл меңгерту үшін қолдана білуіне тікелей байланысты болады (Haydn, 2000). Бұл тұрғыдан пәнді оқыту барысында ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен оқытушы мен білім алушының арасында мазмұнды меңгертуге бағытталған қарым-қатынастың болуы маңызды.

Заманауи технологияның барлығы оқыту және материалдарды білім алуға ұсыну барысында жақсы бір нәтиже береді деген түсініктің дұрыс емес екендігін де атап өтуіміз қажет. Дәстүрлі оқыту әдістері мен материалдарды

ұсынудың да білім беруде өзіндік орны және қызметі бар. Алайда, ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен оқыту дәстүрлі оқыту әдістерін толықтыра түседі деуімізге болады.

Ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен оқытудың ең маңызды шектеуліліктерінің бірі – технологиялық құрал-жабдықтарға бағынышты болуында. Соңғы жылдары білім беру ұйымдарын ақпараттық-цифрлық технологиялармен қаншалықты қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілсе де олармен байланысты оқытудың дамуына қарай құрал-жабдықтарға деген қажеттіліктер жеткілікті. Бұл мәселелер ақпараттық-цифрлық технологиялардың өзінен емес, материалдық және техникалық жеткіліксіздіктен туындаса да, ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен оқыту ықпалына кедергі келтіруде және оның нәтижелілігін төмендетуде.

Оқыту потенциалы жоғары құрал-жабдықтардың, білім беру бағдарламаларына сәйкес сапалы технологиялардың жеткіліксіздігі материалдық кемшіліктің бірі болып отыр. Бұл мектеп жасындағы немесе жоғары оқу орындарындағы білім алушылар мүмкіндігінің бірдей емес екендігін көрсетіп, олардың арасындағы теңсіздікті туындатады (Ақріпаг, 2005). Бүгінгі таңда білім алушылар арасындағы мұндай теңсіздік компьютерге қол жетімділік тұрғысынан анық байқалмаса да, басқа да құрал-жабдықтар, бағдарламалар және олардың сапасы тұрғысынан анық көрінеді. Бұл жағдай білім беру жүйесінде әлеуметтік әділетсіздік жағынан маңызды мәселелерге алып келуде.

Оқытушылар ақпараттық және цифрлық технологиялардың көмегімен орындалатын қосымша тапсырмалар беру кезінде осы жағдайды назарда ұстауы керек. Әсіресе, сабақтан тыс өзіндік жұмысына арналған тапсырмаларды беру кезінде оқытушылар тарапынан білім алушының берілген тапсырмаларды орындауға қажетті құрал-жабдықтары, материалдары және оларға қол жетімділігі алдын ала сарапталуы орынды болады. Сонымен, қатар, оқытушылар білім алушылардың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін назардан тыс қалдырмауы тиіс. Мәселен, жоспарланған жұмыс интернеттен алынатын материалға байланысты болса, ол білім алушының интернетке қосылу мүмкіндігін есепке алынып барып, берілуі қажет (Öztürk, 2012).

Ақпараттық және цифрлық технологиялар арқылы білім беру барысында оқыту ортасымен байланысты шектеуліліктер де бар. Web сайттардағы әртүрлі дыбыстық, видео арқылы берілетін дәрістер дәстүрлі түрдегі оқытушы мен білім алушының арасындағы тікелей байланыс арқылы білім беру барысында орын алатын әлеуметтік-психологиялық ықпал ету тұрғысынан жеткіліксіз болып табылады. Білім алушылардың әлеуметтік психологиялық дамуы тұрғысынан Web сайттар арқылы оқыту дәстүрлі оқыту түрі беретін дамуды қамтамасыз ете алмайды (Uşun, 2000).

Глассман мен Кангтың (Glassman & Kang, 2011) пікірінше, адамзаттың заманауи тарихи кезеңі үшін ақпарат таралуымен екі негізгі өзгеріс орын алып отыр. Біріншісі, баспа машинашысының ойлап табылуы және оның кеңінен қолданылуы. Екіншісі, Internet-тің пайда болып, түрлі салада пайдаланылуы.

Internet кең ауқымды ақпарат көздеріне, өте жылдам және жеңіл түрде қол жеткізе білу сияқты маңызды сандық, сондай-ақ, сапалық тұрғыда ауқымды өзгерістерді алып келді. Web желілер білім түрлерін жасауға, бағалау үшін арналған қолданбалы бағдарламаларға және оқыту үрдістерін жеңілдететін жаңа тәсілдер мен тәжірибелер туғызды.

Internet-тің білім беру саласындағы бағдарламаларының әртүрлі қызметтері бар. Тарихты оқыту тұрғысынан алғанда төрт негізгі қызметін атап көрсетуге болады:

- Ақпарат және оқыту материалының дереккөзі болуы;
- Қарым қатынас және өзара ықпал ету көзі болуы;
- Білімді өндіру және тәжірибеде көру алаңы қызметі;
- Оқыту алаңы қызметі.

Internet-тің ақпарат және дереккөзге қол жеткізу тұрғысынан алып келген өзгерістері басқа салалар сынды тарих және тарихты оқыту бағытында да аз уақыт ішінде елеулі жаңашылдықтарға жол ашты. 1990-2000 жылдары Internet-тің жеке компьютерлерде жалпы мақсатта қолданылуының таралуымен тарихи зерттеулерге және оқытуға арналған web сайттар жасалып, олар аз уақыт ішінде көп қолданысқа түсті. Тарих бағытында Internet-те контенттер жасау жеке қолданушылармен қатар, музей, архив, білім беру және зерттеу ұйымдары үшін де маңызды салаға айналды (Seefeldt ve Thomas, 2009). Соңғы жиырма жыл ішінде тарихи тақырыптарға негізделген web сайттар саны жағынан да сапа тұрғысынан да жоғары деңгейге көтерілді.

Бүгінде оқытушылар мен білім алушылар тарих бағыты бойынша дереккөздер мен материалдарға әртүрлі web сайттар арқылы қол жеткізе алады. Бұлардың ең негізгілерін төмендегідей тізімде беруге болады:

Энциклопедиялық ақпарат дереккөздері (Wikipedia және т.б.);

Түпнұсқа мәтіндік қолжазба дереккөздер;

Е-журналдар, е-кітаптар сынды электронды жарияланымдар;

Сурет, карикатура, фотосурет, миниатюра, гравюра сынды материалдар;

Фильмдер мен ақпараттық видео форматындағы материалдар;

Музыкалар мен басқа да дыбыстық жазбалар;

Карталар;

Кесте, диаграмма, концепциялық карталар типті материалдар;

Дәріс презентациясы, кешені, жоспары, жылдық жоспар сынды оқыту материалдары;

Сұрақтар, тапсырмалар жиынтығы сынды басқа да өлшеу және бағалау материалдары;

Web сайт желісі бар тарихи-мәдени музейлер мен тарихи жерлер;

Компьютер ойындары.

Internet-тің білім беру тұрғысынан ең маңызды қызметтерінің бірі оқытушылар мен білім алушылар арасында нәтижелі қарым-қатынас пен өзара ықпалдастықты қамтамасыз етуінде. Internet білім алушылардың зерттеу жобаларын және басқа да түрлі жұмыстарын жүзеге асыратын, тарихи



зерттеулерді, жаңалықтарды басқалардың көруіне, таныс болуына ыңғайлы орта болып саналады. Web орта білім алушылардың зерттеу жұмыстарын көпшілікке ұсынуы тұрғысынан да ең маңызды мүмкіндіктің бірі. Осы ортада олар уақыт және орналасқан орны бойынша ұзақта орналасқан білім алушылармен бірлескен жұмыстар жасау, өнім шығару бойынша мүмкіндікке ие болады. Әсіресе, wiki сынды бірлескен жұмыстар жасауға ыңғайлы құралдармен жасалатын мұндай өнімдер білім алушылардың жоғары деңгейде бір бірімен қарым қатынасқа түсуіне, басқалардан көптеген нәрселер үйренуіне қолайлы жағдай туғызады (Ruth ve Houghton, 2009).

Әлеуметтік желілер де оқытушылар мен білім алушылардың жасаған жұмыстарын көпшілікке таныстыру, насихаттау тұрғысынан үлкен мүмкіндікке ие. Жасалған жұмыстарды көпшілікке таныстыруды дәстүрлі әдістермен жүзеге асырған жағдайда көрушілер саны шектеулі болады. Сондықтан, мұндай дәстүрлі әдістермен жасалған жұмысты көрушілер тек топ немесе білім беру ұйымының өкілдері шегінен тыс аспайтын еді. Ал, бүгінде білім алушылардың жасаған жұмыстарын әлеуметтік желі немесе түрлі сайттарға жүктеп жариялауы және оны көрушілердің саны көп болуы мен оң пікірлер беруі олардың ынтасын арттырып, жұмыстарын одан да жақсы жазуына ықпал етеді (Çobanoğlu ve Berezina, 2011; Lai ve Chan, 2011).

Білім алушылардың web сайт немесе әлеуметтік желі контенттерін жасау жұмыстарымен айналысуы олардың Internet-ті пассивті қолданушы болу дағдысынан, әзірленетін жұмысты жасауға белсенді қатысушы жағдайына алып келуі тұрғысынан маңызды болып табылады. Тарихи білім беру саласында жасалатын желілік контент жасау әрекеттері білім алушыларды жаңа білім алуына ынталандырып ғана қоймай, классикалық зерттеулерден тарихи ақпараттар алып, тәжірибе дағдыларын да жоғары деңгейде дамыта түседі. Сонымен қатар, ақпараттық және цифрлық технологиялармен жұмыс жасау дағдыларын дамытуына да мүмкіндік алады (Matta, 2002; Scheuerell, 2010; Yang, 2009).

Internet білім алушылар үшін ғана емес, оқытушылар үшін де нәтижелі контенттер жасау және оны көпшілікке ұсыну ортасы. Web сайт немесе әлеуметтік желі құралдары оқытушылардың бәріне ортақ білім беру материалдарын жасауы және әзірлеген жұмыстары арқылы ақпараттарды көпшілікке ұсынуын жеңілдетіп, олардың кәсіби дамуына оң әсер етеді.

Тарихты оқытуда Internet желісін пайдаланудың маңызды артықшылықтарынан басқа, әсіресе, білім алушылар үшін кейбір мәселелер туындатып отырғанын да айтуымыз керек. Internet-те оқытушылар мен білім алушылар қолданатын көптеген Web сайттар бар және оларда сансыз мөлшерде дереккөз құжаттардың болуы оң жағдай. Дегенмен, бұл жағдайда білім алушылардың дұрыс, сәйкес және білім алуға пайдалы желілерге қосылуы ең маңызды фактор болып табылады. Internet-тегі мыңдап саналатын Web сайттар мен олардағы ақпараттар мен дереккөздер арасынан дұрыс және пайдалы болатынын дәл табу білім алушы үшін оңай нәрсе емес (Haydn, 2000).



Google сынды беттерден іздеп табу кезінде дереккөзге жеңіл қол жеткізуге болады, бұл жағдай білім алушылар үшін маңызды қиындықтар туғызуы мүмкін. Google-да қандай да бір тақырып бойынша кілт сөздер жазып іздеу барысында ізделіп отырған мәселеге байланысты жүздеген тіпті мыңдаған web сайттар шығады. Бұл web сайттардың әрқайсысын жете қарап, сәйкес дереккөздерге жету білім алушының біршама уақытын алады, сонымен қатар қызығушылығы мен ынтасына да кері әсер етеді. Сондай-ақ, табылған беттердегі мәліметтерді бағалауы да білім алушылар үшін қиындық туғызады (Walsh, 2005).

Internet-те әртүрлі адамдар мен ұйымдардың тарихқа байланысты ақпараттар мен мәлімет деректерін жариялауы сенімділікке байланысты бірнеше мәселелер туындатады. Internet-тің әркімнің қалауынша тарихи көзқарасы тұрғысынан ақпарат және тарихи деректерді жариялау мүмкіндігінің болуы оларды қолданатын білім алушылар үшін ақпараттар мен деректердің дұрыстығы мен сенімділігі бойынша кемшіліктердің орын алуына алып келді (Demircioğlu, 2008; Schrum, 2003).

Ақпарат пен құжаттардың сенімділігі мәселесі, шын мәнінде, тарихты оқытуда барлық деректер үшін маңызды. Тарихнама мен оны оқытуды идеология мен саяси мақсаттардан арылту тіпті мүмкін емес. Түпнұсқа деректер де, әртүрлі тарихи ақпараттар мен қолжазбалар да оны жазушының ықпалы болғанын көрсетеді. Тарихты оқытудың білім алушыларға беруі керек ең негізгі білімдердің бірі тарихи ақпараттар мен деректерге сыни тұрғыда баға бере білуді үйрету. Бұл тұрғыда, жазба деректер мен желі деректері арасында аса үлкен ерекшелік бола бермейді.

Сонымен қатар, деректердің сенімділігі мәселесі тек ғана саяси және идеологиялық мақсаттардан емес, кәсіби жеткіліксіздік, немқұрайлылық, алынатын ақпараттадың алдын ала белгілі бір тексерістен өткізілмеуі сынды негіздерден де туындауы мүмкін. Web деректердің бір бөлігі музейлер, архивтер, университеттер, зерттеу институттары, білім беру саласында әрекет ететін кәсіпкерлік сауда ұйымдары сынды мекемелер тарапынан кәсіби тарихшылар мен оқытушылар еңбегімен жасалуда. Бұл тұрғыдан алғанда аса үлкен мәселе туындамауы керек. Дегенмен, тарихпен байланысты Web дереккөздердің үлкен бір бөлігі әуесқойлар тарапынан жасалынып жарияланады. Бұл кәсіби жеткіліксіздік пен немқұрайлылық сынды мәселелер бойынша ақпараттар мен деректердің сенімсіздігінің маңыздылығын арттыра түседі.

Тарих саласындағы Web дереккөздердің сенімділігімен байланысты мәселелер білім алушыларға ақпараттар мен деректерді сыни бағалау дағдысын меңгерту керек екендігін көрсетеді. Осы мақсатта оқытушы тарапынан Web сайттардың бағалануымен байланысты оқытуды ынталандыруы мен сәйкестігі қарастырылуы керек. Мұндай ынталандыру білім алушылардың сенімді ақпараттар беретін Web сайттарды пайдалануға үйретуімен бірге, сыни ойлау және медиа сауаттылығы дағдыларының дамуына да ықпал ететін болады (Walsh, 2005).

Білім алушылардың тарих бойынша деректер мен мәліметтерді қамтитын Web сайттарды бағалай білуі үшін бірнеше тексеру бағалау формалары әзірленген (Demircioğlu, 2008; Lee, 2002; Walsh, 2005). Demircioğlu (Demircioğlu, 2008) тарапынан университет білім алушыларына бағытталып әзірленген бағалау формасындағы негізгі тіректер мыналар:

Web сайтты әзірлеген және әзірлеткен адам немесе ұйымның деректері мен жұмыс істеу бағыты;

Web сайттың мақсаты;

Ақпарат мәліметтердің жеке көзқарас, зерттеу тұжырымдарына сүйеніп жасалынғандығы;

